

Список литературы:

1. Государственная программа развития образования Республики Казахстан на 2011-2020 годы. – Астана, 2010.
2. Слободчиков В.И., Исаев Е.И. Психология человека. Введение в психологию субъективности. Учебное пособие для вузов. М.: «ШКОЛА-ПРЕСС», 1995.
3. Фришман И.И. Игровое взаимодействие в детских объединениях: монография. — Ярославль, 2000.
4. Куприянов Б.В., Миновская О.В. Ситуационно-ролевая игра как средство развития у подростков субъектности во взаимодействии: Монография/ Под ред. И.И. Фришман. - Кострома: КГУ им. Н.А. Некрасова, 2002.

Әлмағамбетова Аяғөз Досбекқызы
«Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімінің
№4 орта мектебі» ММ
қазақ тілі мен әдебиет мұғалімі
Қостанай қ.

ҚАЗАҚ ТІЛІ ГРАММАТИКАСЫН ОҚЫТУДА ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ ТІЛДІ ҚОЛДАНУ

АННОТАЦИЯ

Өзектілігі. «...Үштілділік мемлекеттік деңгейде ынталандырылуы керек», – деген болатын 2012 жылы 14 желтоқсандағы Жолдауында. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі. ҰБТ оқушылар білімін тез әрі жан-жақты бақылау мен бағалауда тиімді әдіс болып табылуда. Қазіргі кезде жаңа технологияларды енгізу оқушылардың мүмкіндіктері мен талаптарын жүзеге асыруда.

Мақсаты: қазақ тіл грамматикасын оқыту мәселелерін зерттеу, жаңа технологияларды қолдануда тәжірибе алмасу

Әдісі: талдау, зерттеу, бақылау

Нәтижесі: жаңа технологияларды пайдаланып, оқушылардың ауызша терминологиялық тілін дамыту.

Қорытынды: әдістемелік ұсыныстар

Түйін сөздер: мемлекеттік тіл, ҰБТ, терминологиялық тіл, талдау, бақылау, іздеу

АННОТАЦИЯ

Актуальность. Современный человек сегодня характеризуется как личность, свободно владеющая двумя и более языками. Казахский язык является государственным языком Республики Казахстан. Проверка усвоенных знаний в школе проходит в виде итоговой аттестации в форме сдачи ЕНТ. Содержание материалов аттестации и анализ качества знаний требует выявление проблем и необходимое использование инновационных подходов в изучении государственного языка.

Цель: осветить проблемы в изучении грамматики казахского языка, обмен опытом использования инновационных технологий

Метод: анализ, исследование, наблюдение

Результат: освещение мониторинга качества знаний на примере одного класса, рекомендации по развитию терминологической речи учащихся

Выводы: используя новые образовательные технологии, развивать терминологическую речь учащегося

Ключевые слова: государственный язык, ЕНТ, терминологическая речь, анализ, отслеживание, поиск

ABSTRACT

Actuality. Generally known, that Kazakh is the official language of Republic of Kazakhstan. The study of official language takes place on all stages of education of man : school, Institution, of higher learning of

enterprise etc. **Aim:** to light up problems in the study of official language, to share experience of the use of innovative technologies

Method: analysis, research, supervision

Result: illumination of monitoring of quality of knowledge on the example of one class, recommendation on development of terminological speech of students

Conclusions: using educational NT, to develop terminological speech of studying

Keywords: official language, EHT, terminological speech, analysis, watching, search

Қазіргі таңда әлемнің алпауыт мемлекеттері көп тілді, әсіресе халықаралық тілдерді меңгеруді маңызды міндет деп санайды. Сондықтан біз де өз халқымыздың қарыштап дамып, өркениеттен кенже қалмау үшін көп тілді меңгеруіміз қажет. Бұл заман талабынан туындап отырған қажеттілік. Себебі, бірнеше тілде еркін сөйлей де, жаза да білетін маман бәсекеге қабілетті тұлғаға айналатыны сөзсіз. Осы ретте, президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың: «Қазір біз балаларымыз қазақ тілімен қатар орыс және ағылшын тілдерін де белсенді меңгеру үшін жағдай жасауға шаралар қабылдап жатырмыз. Үштілділік мемлекеттік деңгейде ынталандырылуы керек», – деген болатын 2012 жылы 14 желтоқсандағы Жолдауында.(1, 56)

22 қыркүйек — Қазақстанда қазақ тілінің мемлекеттік мәртебеге ие болғанына 26 жыл толды. 1989 жылы осы күні Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі «Тіл туралы заң» қабылдап, оған сәйкес қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе берілген.

Содан бері Қазақстан үкіметі мемлекеттік тілдің дамуы, оқытылуы мен қолданыс аясының кеңуіне және ресми мекемелерде іс жүргізуді қазақшаға көшіруге қатысты ондаған бағдарлама қабылдаған.(2)

Барлық деңгейде тіл үйренушілердің білім сапасын тексеру мақсатында әр түрлі бақылау жұмыстары өткізіледі. Мектептерде бұл бақылау түрі-ҰБТ.

ҰБТ – ны жалпы орта білім беру ұйымдарының бітірушілері ерікті түрде тапсыратын болады. ҰБТ оқушылар білімін тез әрі жан-жақты бақылау мен бағалауда тиімді әдіс болып табылуда. Сондықтан бүгінгі таңда осы әдіс жаппай қолданылуда.

ҰБТ- ны жоғары деңгейде тапсыру мақсатында мектеп мұғалімдері әр түрлі талдау жұмыстарын жүргізіп, тіл меңгеру мәселелерін көтеріп , өз сабақтар мазмұнына жаңа технологияларды енгізуді тырысады.

Осыған орай өз жұмыс тәжірибемнен кейбір мәселелер туралы сөз қылғым келеді.

Оқушыларды ҰБТ-ға дайындау жұмыстарымен екінші жыл айналысамын. Дайындық жұмыстарына папка жүргізу, оқушылардың білім сапасының мониторингін бақылау, тест тапсырмаларына сараптама жасау, түзету жұмыстары сияқты түрлері жатады.

Тест тапсырмаларына сараптама жасау барысында тесттердің мазмұнына талдау жасадым: 25 сұрақтан – фонетика- 3-4сұрақ, сөзжасам- 3-4, лексика-3, морфология- 5-6, синтаксис-2-3, мақал- мәтелдер-1-2, қалған 2-3 сұрақ ұлы адамдардың жетістіктеріне, жазған еңбектеріне байланысты, тарих, география пәндері бойынша білімдерін талап ететін сұрақтар.

Мысалы: **фонетика-** «Жуан буынды сөзді көрсет», «Бірыңғай бітеу буынды», «Қатаң дауыссыздан басталатын, ұяң дауыссызға аяқталатын сөзді көрсет»;

Морфология- есімдік-«Еш сөзі қай сөзбен бірге жазылады?», «Мезгіл үстеуі бар қатарды көрсетіңіз», **лексика** –« Омонимді белгілеңіз», ««Салмақты» сөзінің синонимін табыңыз»

Синтаксис- «Күрделі бастауышты табыңыз», «Есімдіктен жасалған баяндауышты табыңыз»

Сондықтан 20 сұрақ қазақ тілінің грамматикасын білуіне байланысты болғанын зерттеп, мен оқушылардың тест тапсырмаларын қиналып орындағанында негізгі мәселені анықтадым: біз оқушыларға лексикалық тақырыптарды түсіндіріп, осы аяда олардың тілдерін дамытып, грамматикалық минимумға жататын сөздерді- терминдерді -тілде қолдануды жаттықтырмаймыз , сондықтан тест тапсырмаларын орындағанда оқушылар тест сөздерін жартысын түсінбей, тест орындауға қиналады. Жаттықтырмаймыз деп айтуға да

қате болады, өйткені әр сабақта лексикалық тақырыптарды өткенде 6-10 сөзге дейін береміз, бұл сөздерді сабақ бойы оқушыларға меңгертіп, грамматикалық минимумға уақыт жетпейді.

Осыған орай мен өз сабақтарымда оқушылармен сөз, сөз тіркесі, сөйлемдерге әр түрлі талдау барысында терминдерді қолдану арқылы, оқушылардың терминологиялық тілін жаттықтыру керек екен нәтижесіне келдім. Бұл мақсатымды қалай іске асырамын? Оқушыларды әр түрлі жұмыстарды жүргізуге дағдыландыру.

Біріншіден, грамматикалық анықтаманы жүргізе білу.

Сөздік дәптердің жартысына немесе бөлек қалың дәптерге салалар бойынша жаңа термин сөздері жазылады: мысалы, «Фонетика»- дыбыс, кейінді ықпал, буын т.б, «Морфология» - зат есім, үстеу, сөз табы ,«Лексика»- қарама- қарсы, мағыналас, көп мағыналы сөздер, «Сөзжасам» - түбірлес, түрлендіруші, тудырушы, «Синтаксис»- бағыныңқы, атаулы, бастауыш.(3,37 бет)

Бәрі мәліметтер бір жерде болсын деп, грамматикаға байланысты ережелер де осы дәптерге жазылады.

Терминдерді жаттату жұмыстары тек қана дәптерге жазылуымен шектелмейді. Оларды тиімді меңгеру үшін жаңа технологиялардың әдістерін қолдану керек.

Мысалы «Ыстық орындық» стратегиясы. Бір оқушыға ешкімге естітпей , тапсырма беріп «Сен «Зат есім» сөз табы боласың» деп , қалғандары әр түрлі сұрақтар бойынша сөз табын анықтайды: - Сен нені білдіресің?, Қандай сұрақтарға жауап бересің? , «Тұрақты белгілерін ата» сияқты сұрақтар ,біріншіден, оқушылардың білімдерін тексеруге көмектеседі және де ойын түрінде өткізілетін әдіс оқушыларды граматиканы білуге ынталандырады.


Екіншіден , оқушылардың ауызша терминологиялық тілін дамыту.

Сабақта біз оқушыларға сөзге, сөйлемге талдау жаса сияқты тапсырмаларын бергенде, әрине оқушыға дәлелде, түсіндір дегенін талап етеміз. Бұны оқушы немесе ережелеп айтады, немесе (тілі дамытылған, түсінігі бар оқушы) кезеңмен түсіндіріп, дәлелдеп, мысал келтіріп баяндайды.

Бұл жерде себепті, өз ойын білдіретін жалғаулықтырды, қыстырма сөздерді пайдаланғаны дұрыс: өйткені, сондықтан, себебі т.б.

Осыған орай, мен сабақта сұрақ –жауап, 5 сұрақты тестілеу, топтық жұмыс, сын тұрғысынан ойлау (ВЕНН диаграммасы, 5 жолды мәтін) стратегияларын, сөздіктермен жұмыс түрлерін қолданамын.

Мысалы: айырмашылығы



Тапсырма: 1)Етістіктің есімше мен көсемше формаларын салыстырп, олардың айырмашылықтары мен ұқсастықтарын жазыңдар.

2)Топтық жұмыс: Алдарыңызда жатқан ережелер бойынша етістіктің есімше мен көсемше формаларына кластер (постер) жасаңдар. Кластерлеріңізді ауыстырып, 2 жұлдыз, 1 тілек жазыңдар.

Осы қабілет бір жылда дамытылмайды. Оқушының есте сақтау, грамматиканы түсіну, қабылдай алу, сауатты сөйлеу сияқты қабілеттері болу керек.

Мысалы, қазір сабақ беретін 11 сынып оқушыларын 5 сыныпта алғанда фонетикалық , септеу талдауларын орындағанда, екі сөзді байланыстыра алмай, дыбыс сипаттамаларын білмей, білім сапасы 33 пайыз ғана болған, қазір алдын ала тестілеулерде кемінде 16-24 балл алады.

№	ФИО уч-ся	-	ПТ№3	ПТ№4	ПТ№5тт-	ПТ№6				
ПТ8	1 Байшуаков Руслан	17	23	20	0	22	22	23		
	2 Балгамбаева Нагима		18		20	20	21	24	25	23

3 Колотинец Виктория В	21	23	23	19	24	23	23	24
4 Мамедова Дильбар 18	23	24	19	24	23	24	24	
5 Ротман Дмитрий Н 14	18	16	16	20	19	16	21	
6 Сардарбеков Алишер	14	21	23	18	20	20	16	22

Үшіншіден, мұғалімнің оқушы білім сапасына мониторинг жасау папкасы- қысқаша ҰБТ папкасы.

1. Әдістеме бірлестігінің жоспары. 2. Психологиялық-педагогикалық диагностика жүйесі. 3. ҰБТ-ға дайындық іс-шараларының жоспары. (Бұл жоспарға ҰБТ бойынша жүргізілетін барлық жұмыс түрлері кіргізілуі керек.) 4. Өздігінен білім алудың жеке жоспары. (әр оқушының жеке папкасы, диагностикалық картасы болу керек)

Осы 3 бағыт бойынша грамматиканы меңгеру жұмыстарын өткізіп, қазіргі кезде оқушыларда грамматикалық талдау өткізуде ешқандай қиыншылық көрмеймін. Әрине орташа оқитын балалар да бар Бірақ олар күнде терминологиялық тіл меңгерген оқушыларды естіп, олардан үлгі алып, өздері де түсінуге тырысады.

Қорыта айтқанда, оқушылардың терминологиялық тілдерін дамыту үшін:

- 1) Грамматикалық анықтаманы жүргізуге үйрету керек.
- 2) Жаңа технологияларды пайдаланып, оқушылардың ауызша терминологиялық тілін дамыту.
- 3) Өткен тақырыптарды жүйелі түрде қайталау;
- 4) Әр оқушыда жеке дәптер болу керек;
- 5) Апта сайын консультация жүргізу;
- 6) Оқушылар үшін қиын тақырыптарды қайтадан өту;
- 7) Тестілеуден кейін жіберілген қателермен жұмыс жүргізу;
- 8) Сынып жетекшімен бірігіп жұмыс жүргізу, әр оқушының консультацияға келуін бақылау;
- 9) Апта сайын мектепаралық тестілеу жүргізу;
- 10) Арнайы папкаға оқушылардың жетістік көрсеткіштерін белгілеп отыру;
- 11) Даралап оқыту үрдісін дамыту;
- 12) Оқытуды «мұғалім – компьютер – оқушы» түрінде ұйымдастыру.

Список литературы:

- 1) Назира БУРХАНОВА. <http://el.kz/m/articles/view/content-26580>
- 2) <http://www.nur.kz/332445.html>
- 3) А.Д. Әлмағамбетова. Қазақ тілі сабағында оқушылардың ойлау іс- әрекеттерін белсендіру

8 –ші сыныпқа арналған тапсырмалар жинағы-37 бет

Байешов Дастан Абдимауленович
магистрант 2 курса Костанайского государственного
университета им. А.Байтурсынова,
г. Костанай

ПРОФЕССИОНАЛЬНАЯ НАПРАВЛЕННОСТЬ КАК ФАКТОР ФОРМИРОВАНИЯ ОБРАЗА БУДУЩЕЙ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ У СТУДЕНТОВ ВЫСШИХ УЧЕБНЫХ ЗАВЕДЕНИЙ

АННОТАЦИЯ

Мақалада жоғары оқу орындары студенттерінің кәсіби бағдарлығын дамытудың теоретикалық негіздері қарастырылған.

***Түйінді сөздер:** кәсіби бағдарлылық, мақсаттылық, кәсіби қызығушылық, кәсіби өзін-өзі табу.*

АННОТАЦИЯ